

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтанасова Қ.М. Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі. – Астана, 2019. -109 б.
2. Әбдібекқызы К. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту.–Алматы, Рауан, 1994. – 80 б.
3. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқулық. –Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. - 242 б.
4. Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002ж.
5. Аmanoшвили Ш.А. Мектепте алты жастан. Педагогикалық шеберлік.- Алматы: Рауан, 1990. – 573б.
6. Әуезов М. Абай жолы. роман-эпопея.– Алматы:Жазушы,2007,-384 б.

Шынар Қапантайқызы

педагогика ғылымдарының докторы,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

**ӘДЕБИЕТШІ ҰСТАЗ Қ. БІТІБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ**

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінде өзіндік сара жол қалдырған сондай ұлы адамдардың бірі де бірегейі, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми, тәжірибелік негіздерін қалауда баға жетпес үлес қосқан санаулы тұлғаларымыздың бірі. Дәуірдің дара ұстазының мол әдістемелік мұрасы уақыт өткен сайын құндылығы артып, көпшілік сұранысына ие болып келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын таңдап, осы жолда қызмет етіп жүрген ұстаздардың ішінде Қанипа Омарғалиқызының әдістемесін қолданбайтындары кемде-кем болар. Бұл саладағы әрбір маман ұлы ұстаздың жетістіктерінің сырын біліп, сондай болмаққа ұмтылары сөзсіз.

Қанипа Омарғалиқызы – қарапайым мектеп мұғалімі бола жүріп, өзінің авторлық педагогикалық технологиясын қалыптастыру, оқушылар мен студенттерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, республикалық әдістемелік зертхана құрып, тәжірибесін тарату деңгейіне дейін көтерілген қайталанбас тұлға. Бітібаева феноменінің сырын тану арқылы педагог мамандар қарапайым мұғалімнің қолынан келетін мүмкіндіктердің шексіз екендігін көріп, өз кәсіби әрекетіне баға беріп, ойланатыны анық. Ал ойлану, өз әрекетін тиімділік тұрғысынан бағалау адамның құндылық бағдарын айқындауына көмектеседі.

Адамның құндылық бағдарын айқындап, құндылықтарға ұмтылып, оларды өз өміріне мақсатты түрде енгізіп жүруге ұмтылу қабілетін аксиологиялық құзыреттілік дейміз. Ал лингвоаксиологиялық құзыреттілік

дегеніміз – ата-бабаларымыздан бүгінгі күнге дейін ана тіліміз арқылы кодталып жеткен құндылықтарды танып, өміріне енгізу деп айтуға болады. Яғни тілдің қасиетін тану арқылы құндылықтарды тану болады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басты мақсаты – өз пәндері арқылы алдында отырған шәкірттерінің санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру екені белгілі. Ал осы мақсат құр сөз күйінде қалмай, шынайы жүзеге асуы үшін алдымен әр педагог маманның өз кәсібіне, өзі жүргізетін пәндеріне деген құндылық қарым-қатынасы дұрыс болуы керек.

Қанипа Бітібаеваның шәкірті болып, кейін әріптесі болып жанында жүрген жылдарда біліктілікті арттыру курстарында апайдың өзі жүргізген семинарларына республиканың түкпір-түкпірінен ағылып келіп жататын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін көретінбіз. Қанипа Омарғалиқызының көзі тірі кезінде-ақ атын аңызға айналдырып, бір кездесіп, дәрісін тыңдауды арман еткендеріне талай рет куә болдық. Осының өз ол адамдардың Қ. Бітібаеваны өз кәсіби жолдарындағы бағдар көрсетуші білікті маман, үлгі болар дара тұлға ретінде бағалап, құндылық деп танығандарын көрсететіні анық.

Бүгінде ұстазымыздың артына қалдырған мол ғылыми-әдістемелік мұрасын саралай отырып, рны әрбір қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі білуге тиіс деген тұжырымға келеміз. Себебі ғалым-ұстаз феноменін тану бүгінгі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің құндылық бағдарларын айқындауларына үлкен септігін тигізеді. Өмірін мәнді етіп, өз кәсібін өмірінің бақыт кілтіне айналдырғысы келетін әр педагог маман сол салада жоғары жетістіктерге жеткен адамдарды өзіне үлгі етіп алуы керек.

Сондықтан ұстазымыздың еңбек жолын тереңдей зерттеп, ол жайлы жазылған түрлі докторлық, кандидаттық, монографиялық зерттеу еңбектер мен атақты тұлғалардың пікірлерін саралап, артында қалған мол дидактикалық мұрасы - жарияланған ғылыми-әдістемелік зерттеу еңбектері мен оқулық, оқу құралдарын талдай келе, педагог мамандардың аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді деген басты мәселелерін назарға ұсынамыз. Талдаулар негізінде ұстаз тәжірибесін негізгі үш бағытқа бөліп қарастырамыз. Олар:

1. «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» жүйесімен жұмысы;
2. Проблемалық оқыту әдісін технология деңгейіне дейін көтеруі;
3. Авторлық оқу бағдарламалары мен әдістемесін ұсынуы;
4. Әдебиетті тереңдетіп оқытуда эксперименттік әдісті қолдануы;
5. Авторлық «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы.

1. «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» жүйесімен жұмысы.

1968-80 жылдар арасында туған аулында мұғалім, директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарған жылдарында алғашқы күннен бастап, мектепте «Жас қалам» әдеби драма үйірмесін жүргізіп, ауылда кіші театр ашады. Аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға қол жеткізеді. Академик Ю.К. Бабанскийдің «Оптимизация учебно-воспитательного процесса» еңбегіне сүйене отырып, сол 1970 жылдарда Кеңестік білім беру жүйесінде кеңінен танымал болған оқу-тәрбие ісін оңтайландыру жүйесін пайдаланып, шағын ауыл мектебінде үлкен жұмыстар

атқара бастайды [1]. 1976 жылы Мәскеу қаласына арнайы барып, академикпен жолығады. «Оқу-тәрбие жұмысын оптимальдендіру» туралы жоспарын көрсетіп, жоғары баға алады. 1977 жылдан бастап, Ленин атындағы орта мектеп жұмысына оптимизация идеяларын кіргізе бастайды, мектеп ұжымын Москвалық атақты академик Ю.К. Бабанскийдің «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» жүйесімен жұмыс істеуге жұмылдырады. Тікелей онымен хат жазысып, ақыл-кеңесін алып отырады. Атақты ғалым Қанипаның еңбегіне ерекше назар аударып, жақсы пікірлер айтады, қолдайды. Қ.О. Бітібаеваның осы бағыттағы әдістемелік еңбегін нақтылайтын бірнеше мақалалары мен ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көреді [2-5].

Қ.О. Бітібаева 1977-1987 жылдары Тарбағатай ауданы Ленин атындағы орта мектебінің базасында аудандағы тұңғыш әдістемелік кабинетін жабдықтайды. Аудандық жаңашыл ұстаздардың республикалық I слетіне қатысып, іс-тәжірибесін ортаға салады. Ол аудан мұғалімдерінің ғылыми ізденіс орталығына, ерекше лабораториясына айналады. Шалғай ауылдағы жас ұстаз еңбегі облысқа тарап, республикаға естіле бастайды. Ауданда, облыста іс-тәжірибесі таратылады. Республикалық «Шапағат», «Ақбұлақ» арналарына ұстаз туралы жеті рет хабар беріледі.

1976 жылы облыстық директорлар семинарында атақты ұстаз СССР Халық мұғалімі Қ.Нұрғалиев Қанипаның сабағына қатысады. Жас ұстаз еңбегіне риза болған ардагер ұстаз, үздік әдіскер маман жас та болса еңбегі зор, болашағы үлкен, жұлдызы жарқырап тұрған мықты маманды бірден танып, мойындап, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» атағына ұсынады. «Қазақстан мектебі» журналының 1977 жылғы № 9 санында «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы әйелдер бейнесін оқу» тақырыбында, ал 1979 жылғы № 4 санында «Ленин еңбектері әдебиет сабағында» тақырыбында мақалалары жарық көреді.

1980 жылы Өскемендегі Жамбыл атындағы мектеп-интернатына жұмысқа шақырылады. Шалғай ауылдың өзінде атағы жер жарған білімді, талапты, еңбекқор ұстаздың облыс орталығына келгеннен кейінгі жерде мүмкіндіктері одан сайын кеңейе түседі. Облыс мұғалімдеріне арналған семинарларда дәрістер оқып, тәжірибесін кеңінен тарата бастайды. Осы кездерде, атап айтқанда, «Қазақстан мектебі» журналының 1982 жылғы №6 санында жарық көрген «Мектептегі оқу тәрбие процесін ұйымдастыру» атты мақаласы мен «Идеи оптимизации и задачи учителей по их претворению. Методический материал помощь лектору на казахском языке» атты еңбегі осыға дәлел бола алады [6].

Ұстаздың ерен еңбегі бағаланып, СССР оқу ісінің үздігі, Шығыс Қазақстандағы тұңғыш бүкілодақтық Крупская медалінің иегері болады. 1990 жылы Қанипаға СССР Мемлекеттік сыйлығы беріледі. Ол Одақта бесінші, өз елімізде бірінші лауреат атанады. «1990 жыл еді. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, Мәскеуге бардым. Әдебиетті тереңдетіп оқытатын ең үздік деген оншақты гимназиясын аралап көрдім. Сонда, осы мектептердің оқушылары тұрмақ, мұғалімдерінің өзі Абай мен Мұхтарды білмейтіндігіне әрі таң қалдым әрі намыстандым. Министрлігіне кездесуге

барған кезде, сол ашудың екпінімен «Менің білімі ең нашар деген оқушым Пушкин мен Лермонтовты жатқа білгенде, сіздердің мұғалімдеріңіздің өзі Абайдың кім екенін білмейтіні қалай? Қазақ қана емес, өзге «бауырлас» елдердің әдебиетінен де түк білмейсіздер, балаларға білімді қалай бермексіздер?» деп айтып салдым», - деп жазады бұл жайында Қ. Бітібаеваның өзі [7, 17 б].

Москвадағы осы сапарында оған «Народное образование» журналының білімді, беделді әрі Одаққа танымал тілшісі Лев Красновский жолығып, үш күн сұхбаттасып, интервью алады. Педагог-тілші Қанипаның іс-тәжірибесіне аса қызығып, «Одақта сіздей ұстаздар аз»-деп ағынан жарылады. «Мен қолымда билігі бар адам болсам, Сізге бүгін-ақ «Халық мұғалімі» деген атақ берер едім», - дейді. Іле-шала «Народное образование» өзінің 1990 жылғы бесінші санында «Я сделала свою карьеру» атты мақаласын басады.

Одақтық «Учительская газетаның» арнаулы тілшісі С.Синицкая Қанипа Бітібаеваның 18 сабағына қатысып, шәкірттерімен сұхбаттасады. Ол алдында өз заманының шоқтығы биік мұғалімі тұрғанын түсінеді. Бір-біріне ұқсамайтын сабақтардың куәсі болып, бәрі қолдан жасалған дидактикалық материалдар мен көрнекілік, оқу-құралдарымен танысып, ұстаздың бір мектепті былай қойып, бүкіл республика ұстаздарына жететін бай әдістемелік қазынасына таң қалады. Қанипа шәкірттерінің мектеп көлемінен асып-тасып жатқан терең біліміне тәнті болады» [8, 7 б].

2. Проблемалық оқыту әдісін технология деңгейіне көтеруі

Қ.О. Бітібаева 80-жылдардың ортасынан бастап ауылда қызмет еткен кезінің өзінде проблемалық оқыту мәселесін көтеріп, өз әдістемесінде қолдана бастайды. Ғалым ұстаздың «Қазақстан мектебі» журналының 1976 жылғы № 10 санында жарияланған «Әдебиет сабағындағы проблемалық оқытудың кей мәселелері» атты алғашқы мақалаларының бірі соның дәлелі бола алады. Ұстаздың «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында 1983 жылы жарияланған осы проблемалық оқытуға қатысты келесі мақаласы «М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбай образын проблемалық оқыту» деп аталады. Бұл мақалалар ұлы ұстаздың өз әдістемелік мұрасының ішінде басты орын алатын Абай, Мұхтар шығармашылығын оқыту мәселесінің мұғалімдік тәжірибесі басталған ең алғашқы кезден бастап негізгі темірқазығы болғандығын дәлелдейді. Әлемдік әдістеме іліміндегі ең озық әдістердің бірі болып табылатын проблемалық оқытуды өз тәжірибесіне негіз етіп алған ғалым-ұстаз бұл әдісті кейін технология деңгейіне дейін көтереді. Көптеген еңбектерінде атап айтып, мақалаларында осы жайлы ескертіп отырады. Мысалы, осы проблемалық оқыту әдісі жөнінде ұстаз өзінің «Әдебиетті оқытудың әдістемесі мен технологиясы» атты еңбегінде: «Оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы мұғалім оқушы алдында проблемалық жағдаят (ситуация) тудыратын танымдық-іздендіруші, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының

барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды. Бұл әдіс-тәсілдер оның үстіне уақытты да көп талап етеді. Өтетін тақырып аса күрделі емес, әрі оқушы дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді», - деп атап көрсетеді [9, 9 б.].

Осы аталған еңбегінің «Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары» атты тарауында: «Тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен көпшілік ұстаздар еңбегіне мол кірген талдаудың түрі - проблемалық талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді. Ол үшін проблемалық жағдаят тууы керек», - деп атап көрсетеді [9, 42 б.]

Айтыс туғызатын сұрақтардың барлығын немесе оқушыларды ойландыруға, іздендіруге негізделген сұрақтардың барлығын проблемалық сұрақтар деу де қате екендігін баса айтады. Әдеби шығармалардан көптеген нақты мысалдар келтіреді. Бірнеше әдеби шығармалар негізінде дайын проблемалық сұрақтарды кестелер арқылы береді.

Педагогикалық технология дегеніміз – білім берудің тиімдірек формаларын іздеу, табу, олардың өзара әсерлерін есепке ала отырып, оқыту, білім игеруді жоспарлау, соны жүзеге асырудың және бағалаудың жүйесін құрайтын. білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы» десек, Қ. Омарғалиқызының біз қысқаша ғана сипаттап өткен жүйелі еңбегі проблемалық оқыту әдісін өз тәжірибесінде технология деңгейіне дейін көтергендігінің нақты дәлелі бола алады.

3. Авторлық оқу бағдарламалары мен әдістемесін ұсынуы

Авторлық өзекті тұжырымдар мен мәселеге жаңаша көзқарас Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін тереңдете оқытудың, әлем әдебиетімен байланыстыра оқытудың жаңа бағдарламаларын жасауына ықпал етті. Бұл бағдарламалар қазіргі көкейкестілігімен ғана емес, болашақ үшін маңыздылығымен ерекшеленеді, ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да уақыт пен білім беру жүйесінің сұранысына сай жазылған.

1990-1991 жылдары «Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиетімен байланыстырып оқыту» тақырыбындағы авторлық бағдарламасын жазып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының эксперттік сараптамасынан өткізеді.

Бұл жөнінде ұстаз «Қазақстан мектебі» журналының 1987, 1995 жылғы сандарында өзінің «Қазақ әдебиетінің бағдарламалары туралы», «Абай шығармашылығын оқыту бағдарламасы» атты мақалаларын жариялайды. Әрқайсысы 200 бетке дейінгі барлық сыныптарға арналған қазақ әдебиетін

тереңдетіп оқытудың авторлық бағдарламаларын дайындап, бекітеді [10-21]. 1991 жылы Жамбыл атындағы мектеп-интернатта ашылған авторлық сыныптар ұстаздың осы авторлық бағдарламалары бойынша жұмыс істей бастайды. Осы жайттар жайлы ұстаз өз былай деп жазады: «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты бағдарламамды, оқу құралдарымды көрсеттім. Атаулы мектебім жасаған оқу бағдарламасын алдарына тастадым, түсінік бердім. Әдебиетті өнердің бір түрі ретінде оқыту, оны әлемдік мәдениеттің құрамдас бір бөлігі ретінде таныту, құзырлылық тұрғысында оқыту, т.б сынды қазіргі талаптың менде бұрыннан бар екеніне көздерін жеткіздім. Онда тек бүгін айтылып жүрген кейбір терминдердің ғана жоқ екенін тілге тиек еттім. Бағдарламадағы әр ақын-жазушы шығармашылығына ұсынылатын шығармашылық тапсырмаларды, ғылыми еңбектерді, оқушылардың білім, білік, іскерлік дағдыларына қойылатын талаптарды да даралап жазғанымды көрсеттім. Орыс ғалымдары өтірік айтуға болмайды, шындыққа жүгінді, түсінді, мен ғалыммын деп кеуде соқпады, шұрқырасып, пікірлесіп қалдық «бізде де бірдеңе бар» дегендей жонымды күдірейттім. Расында да, Блум таксономиясы, берілетін білімді оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге дейін көтеру мәселелері, оқушының сыни көзқарастарын дамыту сынды қазір күн тәртібінде тұрған талаптар маған таңсық емес болып шықты» [7, 3 б.].

4. Әдебиетті тереңдетіп оқытуда эксперименттік әдісті қолдануы

Ұлы ұстаздың әдебиетті тереңдетіп оқыту, әлем әдебиетімен байланыстырып оқыту мәселелерімен шұғылданду жолын көрсететін тағы да бір деректер – әр жылдарда жарық көрген ғылыми-әдістемелік мақалалары. 1990-1999 жылдар аралығында Қ.О.Бітібаева өзі бірнеше жылдар бойы редакция алқасының құрамында қызмет еткен, республика ұстаздары асыға күтіп, жаппай қолданатын «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында өзінің қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуға байланысты эксперименттік мақалалары – ұстаздың өз заманынан озық туған даралығын көрсететін ерекше еңбектері [15-30]. Аталған мақалаларында Қ.Бітібаева өзінің авторлық бағдарламасына енгізілген А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Құнанбаев, Б. Майлин, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Ж. Аймауытов, С.Торайғыров т.б. ақын-жазушылардың шығармашылығын тереңдете оқытудың жолдарын ұсынады. Бұл мақалалардың басты ерекшелігі сонда, ұстаз құрғақ сөзбен теориялық материалдарды беріп қана қоймайды, оларды күнделікті тәжірибеде тиімділігі дәлелденген эксперименттік түрде нақты мысалдармен береді.

Қ. Бітібаеваның қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын [31-40] саралай келе, Қанипа Бітібаеваның Абайды, М.Әуезовті, қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту мәселесімен 1993 жылдардан бастап, өмірінің соңғы жылдарына дейін тікелей шұғылданғанын көреміз. Ұстаз әдебиетті тереңдетіп оқытудың көкейкесті мәселелері ретінде мыналарға көңіл бөлген жөн деп атап көрсетеді:

1. Оқылатын авторлар санына әрі олардың қадау-қадау шығармаларына кең жол ашу, көркем сөз иесінің әлемін тұтастай қарастыру.

2. *Тереңдетіп оқытудың келесі бір белгісі - көркем туындыны әдебиеттану ғылымы тұрғысынан терең талдау [9, 165 б.].* Терең талдауда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлген жөн: көркем туынды негізінде жатқан ой, авторлық көзқарасты, яғни көркем туынды негізінде жатқан идеялық проблематиканы, сөз айшықтарын, тұжырымдап айтқанда, «сырты күміс, іші алтын» түр мен мазмұн бірлігін жанды бірлікте талдау, көркем сөз иесінің стилі, әдісіне барлау жасау.

Қазақ әдебиетінің теориясын, тарихын оқытумен қатар тереңдетіп оқытудың ең маңызды бір саласы – сын-зерттеулерді оқыту екендігін айта келіп, әдебиетті оқытудағы сын-зерттеулерді де оқу үдерісіне енгізеді. Сол арқылы оқушыларын әдеби деректерді дайын күйінде қабылдаушы ғана емес, өз сезімінің сүзгісінен өткізіп, өз көзқарасы тұрғысынан талдап, бағалаушы, сыни пікір, жаңа өнім тудырушы, зерттеуші деңгейіне дейін көтеруге үлкен ықпал жасайды. Дарынды балалардың дара ерекшеліктерін дамытуға түрткі жасауды алдына мақсат етіп қойған республикалық ғылыми зертханада басты тұлғалардың жұмысы өзара субъекті-субъектілік қарым-қатынасқа құрылып, оқу мен тәрбие тілдік тұлға қалыптастыруға бағытталады, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады.

5. Авторлық «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның авторлық технологиясының атауына назар аударсақ, Б.Блум таксономиясы негізінде оқушылардың жоғары ойлау дағдысын жетілдіруге бағытталған технология екенін көреміз. «Ой тастау, ойланту, ойлау» деп бір түбірлі сөзді үш рет қайталап беруінен ұстаздың бұл сөзге ерекше мән бергенін аңғаруға болады. Технологияның сызбасына назар аударсақ, бұл ойлау әрекетінің түрлері – мұғалім мен оқушы арасында жүзеге асатынын көреміз. Осы тұста: «Ғалым-ұстаз не себепті ойлау әрекетіне осынша жоғары мән берді екен?»-деген заңды сұрақ туындайды. Қ. Омарғалиқызы өз тәжірибесінде проблемалық және дамыта оқыту идеяларын молынан қолдағанын білеміз, бұл технологиялардың басты мақсаты - оқушының «шығармашылық ойлауын» дамыту деп есептейтін. Бүгінгі жаһандық сын-қатерлер заманында адамның «сын» тұрғыдан ойлау» әрекетін дамытудың да маңызды екені белгілі. Абай айтқан бес асыл істің қатарында «терең ойдың» болуы да бұл әрекеттің маңыздылығын көрсетеді. Себебі ойланған адам өзіне, айналасына сұрақ қойып, тануға ұмтыла бастайды. Ойы түзелген адамның сөзі де, әрекеті де түзеле бастайды. Тіпті ой-пікір түзелген кезде жеке адам ғана емес, қоғам да түзеле бастайтыны тарихтан белгілі.

Сондықтан болар, Қ. Бітібаеваның авторлық педагогикалық технологиясында алдымен мұғалім оқушылардың санасын ояту мақсатында топтық, жұптық формада қызу еңбекке құрылған ортаға **ой тастайды**, одан кейін білу, түсіну, қолданудан бастап, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлеріндегі **ойланту** тапсырмаларын орындатады. Мұғалімнің осындай әрекеттердің барлығы оқушының шығармашылықпен белсенді, дербес **ойлауына** алып келеді деп есептейді.

Ал ойлау әрекеті адамның өз өміріндегі құндылықтарды тануына жол ашатын бағалау әрекетімен қатар жүреді. Бағалау нәтижесінде адам жақсы мен жаманды ажыратып, ақпараттар ағымының ішінен қажет білімді іріктеп алып, ізгі әрекеттер жасауға ұмтылады. Демек, олай болса, ойлану, бағалау арқылы адам құндылықтарды таниды, құндылық бағдарын айқындайды, өз қоғамдық ортасындағы тарихтар бойы қалыптасқан құндылықтарды қабылдауға ұмтылады, құндылық қатынастары қалыптасып, тұлға дәрежесіне көтеріледі. Яғни ойлану әрекеті адамның құндылықтарды өз өміріне енгізе бастауына жол ашады. Сол сияқты әрбір педагог маман өз ісіне, күнделікті әрекеттеріне, өз пәніне деген қарым-қатынасына қатысты өз-өзіне сұрақтар қойып, өмірінің мәні, кәсібінің маңызы жайлы ойланып, тиімділігіне баға беріп жүруді әдетке айналдыратын болса, бұл ең алдымен өзіне, одан кейін алдындағы әрбір оқушыға, елге, қоғамға пайдасын арттыру жолында атқарылатын нақты әрекеттерге алып келетіні анық. Бұл жолда жоғарыда біз талдауға ұмтылып, жинақтап ұсынған Қ. Бітібаеваның ұстаздық ғұмыры – әрбір педагог маманға құндылық бағдар көрсетуге лайық нағыз тұлғаның еңбек жолы деп тұжырымдай аламыз. Сондықтан ұлы ұстаздың әдістемелік мұрасы құндылықтарды тануға ұмтылған әр мұғалімнің жүрегінде «мен де сондай бола аламын ба?», «мен де осындай еңбек ете аламын ба?», «мен тағы не істеуім керек?», «қайтсем, алдымда отырған оқушыларыма пайдалы білім беремін?» деген сауалдар тудырып, өз кәсібіне деген құндылық қатынасы қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. - /Ю.К. Бабанский М.: «Просвещение,» 1982. - 177 стр.
2. Идеи оптимизации и задачи учителей по их претворению //Методический материал помощь лектору на казахском языке. г. Усть – Каменогорск, 1986. – 225 бет.
3. Оптималдандырылған сабақ // Қазақстан мектебі, 1984, №4.
4. Әдебиет сабағында оптимизация идеясын пайдалану жолдары (брошюра) // Білім қоғамы, 1985.
5. Қазақ әдебиетін жаңашыл көзқараспен оқыту проблемалары // Қазақстан мектебі, 1989, №2.
6. Битибаева К.О. Идеи оптимизации и задачи учителей по их претворению. Методический материал помощь лектору на казахском языке. / К.О. Битибаева - г. Усть - Каменогорск, 1986. - 225 стр.
7. Бітібаева Қ.О. Егіз өрім: педагогикалық эсселер. 2 - басылым. / Қ.О. Бітібаева - Алматы: «Жазушы» баспасы, 2014. - 408 бет.
8. Ұстазға тағзым (Әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева жайлы естеліктер). Құрастырған: А.Картаева, Ш.Құрманбаева. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Берел баспасы, 2015. – 158 бет.
9. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. / Бітібаева Қ. - Алматы: Мектеп 2003. - 336 бет.

10. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту (ауыз әдебиетінен қазіргі кезең әдебиетіне дейін). Алматы 1996. – 278 бет.
11. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту (10-сынып) //Өскемен «Обл. МБЖИ», 1996. – 278 бет.
12. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту (11-сынып) //Өскемен «Обл. МБЖИ», 1997. – 257 бет.
13. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту //Семей «Үш биік», 2008. – 145 бет.
14. 6-12-сынып. Әдебиетті тереңдетіп оқыту бағдарламасы (12 жылдық білім беру).
15. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (А. Байтұрсынов) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1990, №7-8-9.
16. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (Ш. Құдайбердиев) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1990, №10-11-12.
17. Туысқан халықтар әдебиетіндегі интернационализм мен патриотизм // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991, №2.
18. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (М. Дулатов) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1992, №10-11-12.
19. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (М. Жұмабаев) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1993, №3.
20. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (А. Құнанбаев) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994, №3.
21. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (Б. Майлин) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994, №9-10.
22. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (С. Мұқанов) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1995, №7.
23. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (С. Сейфуллин) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1995, №10.
24. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (І. Жансүгіров) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1995, №11.
25. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (Ғ. Мүсірепов) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996, №1.
26. Әдебиетті тереңдетіп оқыту жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996, №2.
27. Эксперимент әдебиетті тереңдетіп оқыту (Ж. Аймауытов) // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996, №5-6.
28. Эксперимент. Әдебиетті тереңдетіп оқыту (С.Торайғыров)
29. Эксперимент. 60-98 жылдар әдебиетін оқыту // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999, №6.
30. Эксперимент. 60-98 жылдар әдебиетін оқыту // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999, №3.
31. Абайды тереңдетіп оқыту. – Өскемен: «Обл. МБЖИ», 1993. – 175 бет.
32. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту (10-сынып). – Өскемен: «Обл. МБЖИ», 1996. – 278 бет.

33. М. Әуезовті тереңдетіп оқыту. – Өскемен: «Обл. МБЖИ», 1996. – 156 бет.
34. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту (11-сынып). – Өскемен: «Обл. МБЖИ», 1997. – 257 бет.
35. Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесі // Алматы: «Рауан», 1997. – 288 бет.
36. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту әдістемесі. – Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1997. – 152 бет.
37. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: «Мектеп», 2003. – 416 бет.
38. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: «Б.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті», 2003. - 416 бет.
39. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту // Семей «Үш биік», 2008. – 145 бет.
40. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы (5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. 1, 2-кітап). Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2012

ӘОЖ 17.00.01

Кадыров Жанбай Тұрарұлы

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл,
Қазақстан (E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru)

Шапауов Әліби Қабыкенұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: shapau@mail.ru)

Есбатырова Жұлдыз Замировна

Үндістан Республикасы Елшісінің аудармашысы
(E-mail: Zh.esbatyrova@gmail.com)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ӘДЕБИ ТАЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде әдеби талдау дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Әдебиеттану ғылымындағы кешенді, жүйелі, семиотикалық, дискурстық, интермәтіндік, нарратологиялық талдау бағыттарының мүмкіндіктері айқындалып, оларды білім беру тәжірибесінде қолданудың тиімді жолдары ұсынылады. Көркем мәтінді «екінші реалдылық» ретінде қабылдау, оның тарихи-әлеуметтік болмыспен байланысын ескере отырып талдау қажеттілігі негізделеді. Сонымен қатар, болашақ филологтың ғылыми ойлау мәдениетін дамыту, білім алушыларды аналитикалық оқуға баулу, әдеби